

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне тұрғын үй құрылышы мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 305 қаулысы

**Ескерту. Жоба Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2004.03.19. N 352 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне тұрғын үй құрылышы мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.**

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министри*

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне**

**тұрғын үй құрылышы мәселелері бойынша  
толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін :

1. "Жеке тұрғын үй құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 3 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 20, 248-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 2 0 9 - құжат) :

8 - б а п т а :

үшінші абзац мынадай редакциядағы сөйлеммен толықтырылсын:

"жеке тұрғын үй құрылышын жүзеге асыратын құрылыш салушыларға құрылышқа және инфрақұрылым объектілерін дамытуға байланысты шығындарды жүктеуге рұқсат етілмейді;" .

2. "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат):

6 8 - б а п т а :

7-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жаппай құрылыс салынатын аудандардағы (жеке тұрғын үйлерді, кварталдарды, шағын аудандарды, тұрғын үйлерді қоса алғанда, тұрғын ғимараттардың тобы) қосымша жүктемелермен не магистральды және ішкі кварталдық инженерлік желілерді, өзге де инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ қалалық (кенттік) ішкі көше-жол желілерін дамытумен және жайластырумен байланысты шығындар, егер осы шығындар бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылмаса, қызметті жеткізушилерге (өндірушілерге) жүктеледі. Тұрғын үй құрылышын жүзеге асыратын құрылыш салушыларға көрсетілген шығындарды жүктеуге рұқсат етілмейді.

Салынып жатқан тұрғын үйлердің инженерлік желілерін салу және бөлініп берілген жер телімінің (жеке үйдің телімі мен үйдің жаңындағы аумақтың) шекаралары шегінде аумақтарды жайластыру құрылыш салушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады".

3. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 9 5 - қ ұ ж а т ) :

### 1 2 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінде, сондай-ақ тапсырысшы (жобаның немесе бағдарламаның инвесторы) мен конкурс женімпазының (бас мердігердің) арасындағы мердігерлік шартта мердігер (бас мердігер) қосалқы мердігерлердің орындауына бермекші болып отырған жұмыстардың (қызметтердің) түрлері мен көлемдері міндетті түрде көрсетілуге тиіс. Бұл ретте конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада мердігердің (бас мердігердің) өткізілетін конкурстың нысаны болып табылатын жұмыстар көлемінің (құрылыш құнының) жинақтап алғанда үштен екі бөлігінен астамын қосалқы мердігерлікке беруге тыйым салу туралы шартты көздейді".

**2-бап.** Осы Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Президенті*